



НИПАХ ПАНДЕМИЯСЫ БАСТАЛА МА?

2



ТАЙҚАЗАН ОЖАУЫН ЖАСАҒАН ШЕБЕРДІҢ СЫРЫ

4



№3-4 (744). 30 қаңтар, 2026 жыл

Өзгеі сынағанша, өзінді түзет!

ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.kyzmet-gazeti.kz

Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады



ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ
ҚЫЗЫЛОРДА, 2026 жыл

ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ҚҰРЫЛТАЙ: ПРЕЗИДЕНТ НЕ АЙТТЫ?

Биылғы жылдың 20 қаңтарында Қызылорда қаласында Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысы өтті. Еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі болған бұл алқалы жиында мемлекет басшысы ел дамуының өзекті бағыттарын айқындап, қоғамды толғандырған маңызды мәселелерді сөз етті. Құрылтай алаңы халық пен билік арасындағы ашық диалогты нығайтып, ортақ жауапкершілік пен ұлттық бірліктің маңызын тағы бір мәрте айқындады. Аталған жиында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қандай бастамалар көтерді, нендей жайттарды нақтылады? Тоқталып көрейік.

АРАЛ ТЕҢІЗІ ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛЕ МЕ?

Биыл Сыр өңірінде су мәселесі ерекше назарда. Президент Кіші Арал теңізін қалпына келтіру және өңірдегі су ресурстарын тиімді пайдалану үшін халықаралық келісімдер жасалып, Көкарал бөгетін биіктету жобасы қолға алынатынын айтты.

— Қызылордаға келіп тұрып, Арал мәселесіне тоқталмай кету мүмкін емес. Аралды құтқару – барша адамзат үшін әлі де өте өзекті міндет. Мен бұл мәселе туралы халыққа Жолдауымда айттым. Жылдар бойы жүргізілген жұмыстың арқасында Солтүстік Аралды құтқарып қалдық. Қашқан теңіз қайтып, Кіші Аралдың қалпына келе бастағанына біраз жыл болды. Қазір Көкарал бөгетін биіктету

шаралары қолға алынып жатыр. Жоба осы жылдың соңында басталады. Кіші Аралдың суының көлемін айтарлықтай көбейтуге мүмкіндік болады.

...Су – еліміз үшін стратегиялық ресурс. Біз су мәселесімен жүйелі түрде айналысуымыз керек. Мен былтыр Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында Халықаралық су ұйымын құруды ұсындым. Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау барысында осы мәселені алға қарай жылжытуымыз қажет. Алдағы сәуірде Астанада Халықаралық экология саммиті өтеді. Жиында Аралды құтқару қорына мүше мемлекеттер басшыларымен Арал мәселесін талқылаймыз. Кіші Аралдың қалпына келуі бүкіл Сыр өңірін одан әрі көркейтуге жол ашады деп үміттенеміз.

(Жалғасы 3-бетте).

«ҚЫЗМЕТ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295



«МЕН ӘНДІ ДАЛАДАН, ТАУЛАРДАН, ЖЕЛДЕН, БОРАННАН ҮЙРЕНДІМ»

5



АДАМЗАТТЫҢ ҰРШЫҚ ИІРГЕНІНЕ ҚАНША ҒАСЫР?

6



ҚҰРСАҚ АНАНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ҚАНША ТҰРАДЫ?

Елімізде әрбір бесінші отбасының ажырасуына арада баланың болмауы себеп. Ресми деректерге сәйкес, ерлі-зайыптылардың 15 пайыздан астамы бедеулікке тап болған. Осыған байланысты соңғы жылдары қазақстандықтар суррогат аналардың көмегіне жиі жүгініп келеді. Kazinform тілшісі аталған ахуалға үңіліп көрген екен.

ЖЫЛЫНА 130 БАЛА ОСЫ ӘДІСПЕН ДҮНИЕГЕ КЕЛЕДІ

Бұл үрдіс қоғамда түрлі көзқарас тудырғанымен, көптеген отбасы үшін – ата-ана болудың жалғыз мүмкіндігі. Қазақстанда суррогат аналардың көмегіне жүгінген отбасылардың нақты саны белгісіз, ол құпия ақпарат саналады. Дегенмен сұраныстың жоғары екенін салалық қауымдастықтың статистикасы көрсетіп отыр.

Қазақстандағы репродуктивті медицина қауымдастығының дерегінше, бүгінде елімізде суррогат ана қызметін ұсынатын шамамен 30 клиника бар. Олар жылына орта есеппен 330 бағдарлама жүргізеді. Оның орташа тиімділігі шамамен 40 пайызды құрайды. Нәтижесінде жыл сайын 130 бала суррогат ананың көмегімен дүниеге келеді.

Алайда қызметтің қомақты ақысы бар. Себебі Қазақстанда суррогат анаға мемлекеттік квота қарастырылмаған. Экстракорпоралды ұрықтандыру бағдарламасы ғана мемлекет тарапынан қаржыландырылады. Сондықтан құрсақ ананың көмегіне жүгінуге бел бұған жұптар шығынға дайын болуы қажет.

МҮНДАЙ ҚАДАМҒА КІМДЕР БАРАДЫ?

Деректерге сүйенсек, суррогат ана болуға көбіне қаржылық қиындыққа тап болған әйелдер жүгінеді. Олардың арасында жоғары білімді қыз-келіншектер де кездеседі.

— Көбісі тұрғын үй мәселесімен бетпе-бет келген. Олар қарызын, несиесін жабу немесе баспанаға бастапқы жарна жинау мақсатында осы жолды таңдайды. Сондықтан бұл – мейбір шешім, – дейді «Болашақ» суррогат ана орталығының басшысы Дамира Бекбергенова.

(Жалғасы 7-бетте).

ҰЛТТЫҚ ПАРКТЕР МЕН ҚОРЫҚТАР АУМАҒЫНАН БИЗНЕС АШУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ЗАҢ ЖОБАСЫ ӘЗІРЛЕНБЕК

Премьер-министр Олжас Бектенов Үкімет отырысында ұлттық парктер мен қорықтар аумағында туризмді дамытудың жаңа қағидатын әзірлеуді тапсырды.

– Отандық кәсіпкерлердің ұлттық парктер аумағына, осыған ұқсас басқа да локацияларға кіруі қиын. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің сақталуын қамтамасыз ете отырып, туристік инфрақұрылымды орнықты дамыту және көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру үшін кәсіпкерлердің ұлттық парктер мен қорықтарға, резерваттар аумағына

реттеу арқылы кіру тетіктері бойынша халықаралық тәжірибені зерделеп, ұсыныстар енгізу қажет. Экология министрлігі кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, тиісті заңнамалық түзетулерді әзірлеуге тиіс, – деді ол.

Үкімет басшысы бизнес өкілдері инвестициялық жобалардың кейбірі іске асыру кезінде су айдындарын қорғау талаптарының кесірінен кедергіге тап болып жатқанын атап өтті.

– Мысалы, аквапарк құрылысына қажетті инфрақұрылым жүргізу мүмкін емес. Бұл мәселеде барлық тарапқа қолайлы болатын шешім іздеген жөн. Су ресурстары министрлігі озық халықаралық тәжірибені зерттеп, тиісті заңнамалық түзетулерді әзірлеуі қажет, – деді Премьер-министр.

ӘСКЕРИ МІНДЕТТІЛЕРДІ ОҚУ-ЖАТТЫҒУҒА ШАҚЫРУҒА ДАЙЫНДЫҚ ЖҮРУДЕ

Қазақстан Қорғаныс министрлігі 2026 жылы әскери міндеттілерді оқу-жаттығуға шақыру туралы бұйрық жобасын дайындады, деп хабарлайды Zakon.kz.

Әскери оқу-жаттығулары – әскери басқару органдары мен мемлекеттік әскери дайындыққа жауапты ұйымдар тарапынан әскери міндеттілер мен азаматтарға әскери білімді алу және жетілдіру мақсатында өткізілетін іс-шаралар. Сонымен қатар, оқу-жаттығулар ҚР заңдарында көрсетілген басқа жағдайларда да ұйымдастырылады.

Министрлік атап өткендей, оқу-жаттығудың негізгі мақсаты – әскери білімді дайындау, қайта дайындау және жетілдіру, әскери



міндеттілердің өз қызметтік міндеттерін орындау дағдыларын сақтау, сондай-ақ олардың әскери дайындық деңгейін көтеру болып табылады. Оқу-жаттығулар 2026 жылғы мамырдан қазан айына дейін өткізілмек. Бұйрық жобасы қоғамдық талқылау үшін «Ашық НҚА» сайтында 10 ақпанға дейін жарияланып отыр.

ЕКІ БАНКНОТ ҚОЛДАНЫСТАН ШЫҒАДЫ

Ұлттық банк 10 000 теңгелік ескі үлгідегі банкноттардың айналымда жүру мерзімін ұзарту мүмкіндігін қарастыруда. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды.

Ұлттық банк «Сақ стилі» банкноттарының жаңа сериясын кезең-кезеңмен шығаруды жалғастырып жатқанын, 2026 жылдың соңына шығару жоспарланған 20 000 теңгені есепке алмағанда, барлық номиналдағы банкнот айналымға шығып болғанын атап өтті.

Ұлттық банк мәліметінше, 2026 жылы номиналы 2 000 және 10 000 теңгелік банкноттардың айналымда қатар жүру кезеңі аяқталады:

– 10 000 теңге – 2024 жылдың 28 маусы-

мынан 2026 жылдың 27 маусымына дейін; – 2 000 теңге – 2024 жылдың 25 желтоқсанынан 2026 жылдың 24 маусымына дейін.

Ұлттық банк 2 000 мен 10 000 теңгелердің айналымда қатар болу уақыты бір мезгілде аяқталуы, банк жүйесіне қосымша ауыртпалық салуы мүмкін. Сол себепті мерзімді ұзарту халық пен бизнеске ескі банкноттарды жаңасына біртіндеп әрі ыңғайға қарай ауыстыруға көмектеседі, сондай-ақ ескі үлгідегі банкноттардың табиғи тозуын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар айналымда қатар жүру кезеңі аяқталған соң, азаматтар барлық банкноттер мен «Қазпошта» бөлімшелері арқылы ескі үлгідегі банкноттарды жаңа үлгідегі ақшаларға 3 жыл бойы, ал Ұлттық Банктің филиалдарында мерзімсіз айырбастай алады.

2025 жылы қазақстандықтарға 746 миллиард теңгеге жуық сомада мүгедектігі және асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер төленді, – деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі.



МҮГЕДЕКТІГІ ЖӘНЕ АСЫРАУШЫСЫНАН АЙЫРЫЛУ БОЙЫНША ЖӘРДЕМАҚЫЛАР МӨЛШЕРІ АТАЛДЫ

Ведомство мәліметінше, 2025 жылы мүгедектігі және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды (МӘЖ) төлеуге республикалық бюджеттен 655,7 миллиард теңге жұмсалған. Бұған қосымша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (МӘСК) еңбекке қабілеттілігінен айырылу және асыраушысынан айырылу бойынша шамамен 90,3 миллиард теңге сомасына әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылды. Бұл төлемдер республикалық бюджеттен төленетін ұқсас жәрдемақыларға қосымша жүзеге асырылады.

2025 жылдың қорытындысына сәйкес, мүгедектігі бойынша МӘЖ алушылар саны шамамен 553,9 мың адам, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша – шамамен 191,9 мың адам болған. «Мүгедектігі және асыраушысынан айы-

рылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төмен күнкөріс деңгейінің ұлғаюына байланысты 10 пайызға өсті. ҚР Үкіметінің шешімі бойынша еңбекке қабілеттілігінен айырылу және асыраушысынан айырылу бойынша МӘСК-дан төленетін төлемдердің мөлшері де 10 пайызға артты, – делінген хабарламада.

Биыл жалпы аурудан мүгедектігі бойынша МӘЖ мөлшері:

- 1-топ үшін – 111 872 теңге,
- 2-топ үшін – 89 498 теңге,
- 3-топ үшін – 61 021 теңге болады.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша еңбекке қабілеттілігінен айырылу бойынша әлеуметтік төлемдердің орташа мөлшері 72 409 теңге, асыраушысынан айырылу бойынша – 73 306 теңге болады.

НИПАХ ПАНДЕМИЯСЫ БАСТАЛА МА?

Үндістанда Нипах вирусына байланысты ауру жағдайлары тіркелуіне орай Қазақстанда эпидемиологиялық ахуал жіті бақылауға алынды. Инфекцияның ел аумағына екілінуіне және таралуына жол бермеу үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өтетін барлық өткізу пункттерінде күшейтілген санитариялық-карантиндік бақылау жүргізіліп жатыр, деп хабарлайды BAQ.KZ тілшісі.

Бұл туралы ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Баян Давлетьярова мәлімдеді. Оның айтуынша, халықаралық рейстермен Қазақстанға келетін жолаушыларға қатысты бақылау күшейтілді. Нақтырақ айтқанда, міндетті түрде қашықтық термометриясы жүргізіледі.

Департамент басшысының орынбасары Үндістаннан келетін жолаушыларға ерекше назар аударылатынын атап өтті. Сондай-ақ санитариялық-карантиндік пункттердегі мамандар тәулік бойы кезекшілік режимінде жұмыс істейді.

Нипах вирусына қатысты қауіптің алдын алу мақсатында туристер арасында да ақпараттандыру жұмысы жүргізілуде.

Атап айтқанда, инфекция жағдайлары тіркелген елдерге баратын азаматтарға эпидемиологиялық қауіптер мен сақтану тәсілдері тұрақты түрде түсіндірілуде.

Баян Давлетьярова егер адамда жоғары температура, жөтел, қатты бас ауруы сияқты белгілер байқалса, уақыт оздырмай медициналық көмекке жүгінуге шақырды. Сонымен бірге дәрігерге міндетті түрде эндемиялық елдерге барғанын ескерту қажет екенін айтты. Оның қауіпті жағы – нейринфекция екендігі дейді ол. Бұл вирус энцефалитті тез қоздырады, ал оған қарсы вакцина да, арнайы емдеу тәсілі де жоқ. Тұмау сияқты кен таралмайды, адамға жұғу қаупі төмен.

– Ең бастысы – аурулар мен байланыстар тіркелген елдерге саяхаттамаған жөн, – деді ол.

ШЫМКЕНТТЕ КЕЗЕКТЕ ТҰРҒАН ОТБАСЫЛАРҒА ПӘТЕР КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

«Үйі бардың – күйі бар» дейді дана халқымыз. Шаңырақ көтеріп, өз баспанасында алаңсыз өмір сүру – әр отбасының арманы. Осы арманды жүзеге асыру жолында Шымкент қаласында әлеуметтік тұрғыдан осал топтарды қолдауға бағытталған тұрғын үй бағдарламалары жүйелі түрде қолға алынып келеді. Бұл бастамалар қала тұрғындарының тұрмыс сапасын арттырумен қатар, қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға да ықпал етуде.



толық емес отбасылар, мүгедектігі бар азаматтар, ерекше балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және жетім балалар бар. Мұндай санаттағы азаматтарды тұрғын үймен қамту – мемлекеттің ғана емес, тұтас қоғамның ортақ міндеті. Сондықтан бүгінгі игі іс «жетімін жылатпаған, жесірін қаңғытпаған» ел екенімізді тағы да бір айқындай түсті.

Шымкент қалалық тұрғын үй басқармасы басшысының міндетін атқарушы Көпжан Төлебаевтың айтуынша, бүгінгі таңда Шымкент қаласында 90 мыңнан астам адам тұрғын үй кезегінде тұр. Оның ішінде, «Отбасы банк» арқылы

544 жалдамалы пәтерге тиісті жұмыстар жүргізілуде. Аталған жұмыстар аясында 235 азаматқа жалдау шарттарын жасау үшін арнайы тізім түзілген, ал осы азаматтардың ішінен бүгін 24 отбасыға пәтер кілттері табысталып отыр. Пәтерлерге ай сайынғы төлем мөлшері олардың көлеміне және отбасының әлеуметтік санатына байланысты белгіленеді.

Пәтер кілттерін табыстау рәсіміне Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков арнайы қатысып, тұрғын үй қорын ұлғайту мен қала тұрғындарына қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру бағытындағы жұмыстардың маңыздылығын атап өтті. Қала басшысы бұл бастамалардың бір реттік шара емес, алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табатынын жеткізді.

Айта кету керек, жалға берілетін тұрғын үйлер бекітілген тізімдер мен белгіленген рәсімдерге сәйкес кезең-кезеңімен табысталауда. Жыл басынан бері бөлінген 235 пәтердің 187-сі тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға беріліп үлгерді. Бұл көрсеткіш атқарылып жатқан жұмыстың ауқымын және оның нақты нәтижесін айқын аңғартады.

Ә.ӘУЕСБЕКОВА

Осы жұмыстардың нақты нәтижесі ретінде Тұран шағынауданында баспана кезегінде тұрған 24 отбасы жаңа пәтердің кілтін алып, қуанышқа бөленді. Жаңа үй – олар үшін тек төрт қабырға емес, тұрақтылық пен сенімнің, болашаққа деген үміттің белгісі. Көптен күткен қуанышты сәт талай отбасының өміріне жаңа леп сыйлады.

Аталған пәтерлер қаланың коммуналдық тұрғын үй қорынан берілді. Қоныс иелері арасында көпбалалы және

(Соңы. Басы 1-бетте).

АСТАНА МЕН АЛМАТЫДА ПРЕЗИДЕНТТІК КІТАПХАНАЛАР САЛЫНАДЫ

Сонымен қатар, руханият пен білім, ұрпаққа Абай, Әл-Фараби, Ясауи ілімдерін дұрыс жеткізу мәселесі де қозғалды. Алдағы уақытта Президенттік кітапханалардың құрылысы басталмақ.

– Абай ілімі біздің ұлттық бірегейлігіміздің, ұлттық болмысымыздың өзегі болуға тиіс. Оның ой-толғамдары қанша заман өтсе де өзекті болып қала береді. Қазіргі «Адал азамат» тұжырымдамасы ұлы ойшылдың «Толық адам» идеясымен тығыз астасып жатыр. Біз Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізуіміз керек.

Әл-Фараби, Ясауи ілімдері де ұлт руханиятының ұстыны саналады. Ашығын айтсақ, ұлы бабаларымыздың өсиеттерін



ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ҚҰРЫЛТАЙ: ПРЕЗИДЕНТ НЕ АЙТТЫ?

олардың мерейтойы кезінде ғана еске аламыз. Бұл дұрыс емес. Сондықтан Әл-Фараби, Ясауи және Абай ілімдерін жан-жақты дәріптейтін ғылыми жиындарды тұрақты өткізіп тұруымыз қажет.

...Жуырда Астана мен Алматыда Президенттік кітапханалардың құрылысы басталады. Меніңше, бұл нысандар тек кітаптар жиналған жер емес, қазақтың тарихын, мәдениеті мен өркениетін дәріптейтін орталықтар болуы керек. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект қарқынды дамыған сайын ұлттық бірегейлігімізді нығайту өзекті бола түседі. Төл тарихы мен мәдениетін электронды форматқа көшіріп, оны жаһандық цифрлық өркениетке қосқан елдер ғана ұлттық болмысын сақтап қалады. Мұны жаңа дәуірдің талабы деуге болады. Түптеп келгенде, бұл – жұртымыздың идеологиялық дербестігіне және болашағына тікелей қатысты мәселе.

«ҮЙЛЕРДЕ, КӨЛІКТЕРДЕ, КӨШЕЛЕРДЕ КӨК ТУЫМЫЗ ЖЕЛБІРЕП ТҮРҒАНДА ҚУАНЫП ҚАЛАМЫН...»

Мемлекет басшысы құрылтай барысында ел азаматтарының отаншылдық сезімін нығайту, мемлекеттік рәміздерді қадірлеу және заңды орындау мәселесіне ерекше назар аударды. Ол өз сөзінде патриотизмнің тек сөзде ғана емес, нақты әрекет пен жауапкершілікте көрінуі керектігін түсіндірді.

– Отаншылдық дегеніміз – әрине, Отанға деген сүйіспеншілік деген сөз. Алайда, Отан алдындағы жауапкершілігіңді сезініп, перзенттік парызды өтеуге талпынбаған, «отаншылмын, патриотпын» деген сөзіңнің құны көк тиын болмақ.

Қазір қоғамда «Қазақстанның мемлекеттік Туын қайда және қашан қолданған жөн?» деген маңызды мәселе талқыланып жатыр. Бұл мәселе арнайы нормалармен және ережелермен реттеледі. Мемлекеттік рәміздерді пайдалануға жеңіл-желпі, салғырт қарауға болмайды. Заң талабы әрдайым орындалуға тиіс. Дегенмен, ең алдымен, заңның түпкі мәнін терең түсіну керек. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеп, оларды жөнімен пайдаланатын отаншыл азаматтарды барынша қолдау қажет. Мен үйлерде, көліктерде, көшелерде, сондай-ақ еліміздегі, әсіресе, шетелдегі спорттық және мәдени іс-шараларда көк Туымыз желбіреп тұрғанда қуанып қаламын. Сол арқылы еліміздің азаматтары бірлігі бекем ұлт екенімізді көрсетеді. Олардың әрекеттерінен туған елін мақтан тұтатыны байқалып тұрады.

НҰРАЙ ІСІ ДЕ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛҒАН ЖОҚ

Мемлекет басшысы Шымкентте адам қолынан қаза тапқан Нұрай Серікбайдың өліміне қатысты қылмыстың жан-жақты әрі әділ тергелуі керектігін қадап айтты.

– Шымкентте Нұрай есімді бойжеткеннің кісі қолынан қаза болуы бүкіл елді дүрліктірді. Ұлттық құрылтайға осы оқиға бойынша 130-дан астам өтініш келіп түсті. Күдіктінің Нұрайды аңдып, маза бермей, қокан-лоқы көрсеткені анықталып отыр. Ақыры, мұның арты адам өліміне әкеп соқтырды. Осыған байланысты Ішкі істер министріне Шымкент қалалық департаментінің әрекетіне құқықтық баға беруді тапсырдым. Бас прокурор да бұл мәселені мұқият тексереді. Қыз алып қашу – адам ұрлау деген сөз, бұл – ұлттымыздың беделіне нұқсан келтіретін өрескел, жабайы қылмыс. Ондай қатігездікке ешқашан жол беруге болмайды.

Жыл өткен сайын халықтың сана-сезімі өсіп, қоғамда азаматтық жауапкершілік деңгейі артып келеді. Заңнамалық өзгерістер де соған сай болуы өте маңызды. Заң мен тәртіп – бәріне ортақ. Еліміздің әрбір азаматы заң талаптарын бұлжытпай орындауға тиіс.

ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН БІЛІМ: КЕЙ МӘСЕЛЕЛЕР КӨҢІЛ КӨНШІТПЕЙ ТҰР

Мемлекет басшысы елдегі білім мен денсаулық сақтау салаларындағы қаржыландыру мәселесіне арнайы тоқталып, бұл бағыттарда қордаланған түйткілдер мен жүйелі олқылықтар жайында ашық пікір білдірді.

– Соңғы кезде маған жекеменшік мектептерді қаржыландыру тәсіліне қатысты шағымдар жиі келіп түсетін болды. Жуырда «Turkistan» газетіне берген сұхбатымда мен бұған қатысты өз ұстанымымды айттым. Білім саласын мемлекет тарапынан қаржыландырудың қазіргі тәртібі бұрмаланған. Бұл олқылықты уақыт оздырмай түзету қажет. Жекеменшік мектептерге жүргізілген аудит нәтижесінде заңсыз және негізсіз шығындарға байланысты құқық бұзушылықтар анықталды. Бұл түйткіл жан басына сәйкес қаржыландыру жүйесінің осалдығынан туындап отыр.

Үкіметке білім беру саласындағы мемлекеттік қаржыландыру жүйесін шұғыл түрде реформалау жүктелді. Қаржыландырудың нақты критерийлерін әзірлеу керек. Осы орайда, орта білім беру жүйесін дамыту ісінде бизнес саласы маңызды рөл атқаратынын ескерген жөн.

ратынын ескерген жөн.

Мұндай, тіпті бұдан да зор мәселелер денсаулық сақтау саласында да туындап отыр. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жұмысын жан-жақты тексеру барысында көптеген заң бұзушылықтар мен қызмет бабын асыра пайдалану жайттары анықталды. Мемлекеттен қыруар қаржы жымқыру үшін көпе-көрнеу жалған деректер ұсынылған, өтірік мәліметтер енгізілген.

Бүкіл ел экономикамызды өркендетіп, инфрақұрылым жобаларын жүзеге асыру үшін бар күш-жігерін жұмылдырып, денсаулық сақтау саласын дамытуға қаржысын жұмсап жатса, әлеуметтік салаға бөлінген орасан зор қаражат талан-таражға түседі. Медицина саласын дамытуға мемлекет 2024-2025 жылдардың өзінде 7,8 триллион теңге бөлді емес пе?! Түсінікті болуы үшін айтайын, бұл – 15,5 миллиард доллар деген сөз.

Мемлекеттің білім беру және денсаулық сақтау саласына жұмсап жатқан қаржысы, ең алдымен, азаматтарымыздың тұрмыс сапасын арттыруға арналатынын және Әділетті Қазақстанды құру стратегиясымен ұштасып жатқанын түсінген абзал.

«АЛАЯҚТЫҚ ҚЫЛМЫСТАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ...»

Құрылтайда еліміздегі алаяқтық пен қылмыстық әрекеттердің алдын алу, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі де сөз болды.

– Біздің азаматтарымыз алаяқтардың құрбаны болып жатыр. Көптеген адам адал еңбекпен тапқан табысынан айырылуда. Алдауға сеніп, қылмыстық қаржы операцияларының қақпанына түсіп жатыр. Әлемде иммиграциялық алаяқтық та қатты ұшығып тұр. Еуропа мен АҚШ-та не болып жатқанын баршаңыз көріп-біліп отырсыздар. Бұл мәселе біздің еліміз үшін де өзекті. Себебі уақыт өткен сайын Қазақстан шетелдіктердің жұмыс істеуіне және тұрақтап қалуына қолайлы елге айналып келеді. Құқық қорғау органдары Қазақстан аумағында шетелдіктердің тұрақты тұруын заңдастыру үшін заңсыз құжат әперумен айналысқан алаяқтардың қылмысын әшке-реледі.

Экономикалық немесе әлеуметтік саладағы алаяқтық қылмыстарға қарсы күресті күшейту қажет. Сондай-ақ ұсақ бұзақылардан, вандалдар мен ұрылардан бастап, ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелеріне және қоғамның тыныштығын бұзғысы келетін арандатушыларға дейін, қысқасы, заң мен тәртіпті бұзғандардың бәрін батыл

түрде жауапкершілікке тарту қажет. Бұл – өте өзекті әрі ең басты міндеттің бірі.

ПАРЛАМЕНТ ЕНДІ ҚҰРЫЛТАЙ ДЕП АТАЛАДЫ

Сондай-ақ, еліміздің саяси жүйесінде Құрылтай атауын аса маңызды мемлекеттік институттың символы ретінде сақтап қалу мақсатында мемлекет басшысы тарапынан Парламентке Құрылтай атауын беру туралы ұсыныс тасталды.

– Біздің негізгі мақсатымыз – шын мәнінде тиімді әрі кәсіби Парламент құру. Жаңа заң шығарушы орган елдегі ауқымды өзгерістерге заңнамалық тұрғыда барынша қолдау көрсетуге тиіс. Әлемдегі озық тәжірибелерге қарасақ, бұл үшін депутат санын көбейтудің еш қажеті жоқ. Сондықтан, мәселе – санда емес, сапада. Ең бастысы, Парламентте нағыз отаншыл азаматтар – білікті мамандар отыруға тиіс. Жұмыс тобы азаматтардың ұсыныстарын мұқият зерделеп, қызу талқылады. Ақыр соңында Парламенттің мандат саны 145 болуы керек деген байламға келді. Жаңа Парламентте Төрағаның үш орынбасары болуы мүмкін. Ал комитет саны 8-ден аспауы керек.

ЖАҢА ОРҒАН – ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ

Президент еліміздің саяси жүйесін жаңғырту аясында жаңа институт ретінде Қазақстанның Халық Кеңесін құруды ұсынды. Жаңа органға Ассамблея мен Ұлттық құрылтайдың қазақ мемлекеттілігін және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін дәйекті түрде нығайту сияқты міндеттері жүктелмек.

– Халық Кеңесі басқа елдердегі консультативті құрылымдардың оң тәжірибелерін ескере отырып құрылатын жаңа мемлекеттік орган болмақ. Оның құрамына барлық этностың, түрлі санаттағы азаматтардың және аймақтардың өкілдері кіреді. Қазақстанның Халық Кеңесі мемлекетіміздің жоғары консультативтік органы мәртебесіне ие болады. Кеңестің 126 адамнан жасақтап, оған этномәдени орталықтардың 42 өкілін, ірі қоғамдық бірлестіктердің 42 өкілін және мәслихаттар мен аймақтардағы қоғамдық кеңестердің 42 өкілін қосу ұсынылды. Халық Кеңесінің барлық мүшесін Президент тағайындайды. Ал төрағасын оның мүшелері сайлайды. Кеңес төрағасының қоғамдық негізде жұмыс істеп, ротация арқылы тағайындалатын екі орынбасары, сондай-ақ хатшылық меңгерушісі болады.

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАҢА ЛАУАЗЫМ ПАЙДА БОЛМАҚ

Президент Қазақстан Республикасының Вице-президенті институтын құру туралы да айтты. Яғни, Вице-президентті Мемлекет басшысы Парламент депутаттарының көпшілігінің келісімін ала отырып тағайындайды. Оның құзырет аясын Мемлекет басшысы өзі белгілейді. Вице-президент Президенттің тапсырмасы бойынша халықаралық форумдарда және шет мемлекеттер делегацияларымен өткізілетін келіссөздерде Қазақстан Республикасының атынан, Парламентте Президенттің атынан өкілдік етеді, еліміздің және шетелдердің қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени-ағартушылық ұйымдарымен қарым-қатынас орнатады және Президенттің басқа да тапсырмаларын орындайды.

Ал қазіргі Парламенттің қызметін қамтамасыз етіп отырған аппараттық құрылымның бір бөлігі және Мемлекеттік кеңесші лауазымы қысқартылып, Президент Әкімшілігінің міндеттері мен құрылымы іс жүзіндегі қажеттілікке сәйкес реформаланбақ.

Дайындаған:
М.ҚҰРБАНҚЫЗЫ

Бәкіржан Айдарбек ұлттық қолөнердің хас шебері. Бүгінде «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында ұстаздық қызмет етеді. Ол қазақтың дәстүрлі қолөнерін жаңғырту бағытында табиғи материалдармен жұмыс істеуді оқушыларға үйретудің бірегей әдістемесін әзірлеген. Ұлттық тәрбие мен қолданбалы өнерді білім беру процесіне кіріктіру бағытындағы еңбектері өңірлік және республикалық деңгейде мойындалған.

Ұлттық мұраны дәріптеп жүрген Бәкіржан ағайдың шығармашылық қызығушылығы бала кезінен басталған, қолынан шыққан әрбір бұйым тек көркемдік туынды ғана емес, сондай-ақ тарих пен дәстүрдің, мәдени мұраның бір бөлшегі. Уақыт өте келе ол күнделікті қолданылатын заттарды, халқымыздың өткенін және салт-дәстүрін өзіне тән ою-өрнектер арқылы бейнелейтін ерекше бұйымдарды жасаумен айналысады. Шебердің қолынан шыққан ожаулар ұлттық дәстүрдің көрінісі, әрқайсысы ұлттық таңым мен шеберлікке құрылған. Соның ішінде тарихи мәні зор туындылардың бірі – «Тайқазан» ожауы. Бұл бұйым тек көркемдік мәнімен ғана емес, тарихи мазмұны мен рухани құндылықтарымен де бағалы. Киелі тұт ағашынан жасалған «ғасыр ожауы» бүгінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің «Құнды бұйымдар» мұражайында сақтаулы.

Осы бірегей туындылардың сырына үңілу үшін Бәкіржан ағайды әңгімеге тартып, оның шеберлігі мен шығармашылық жолы туралы сырлы сұхбат құрдық.

– Бәкіржан ағай, сіздің шеберлікке және ожау жасауға келу жолыңыз қалай басталды?

– Мен мүсінші болуды бала кезімнен армандадым. Қастеев училищесіне үш жыл қатарынан түсе алмай, әскерге аттандым. Бір жарым жыл борышымды өтеп қайттым. Ауылға келген соң анам «Мать-героиня» медалін кеудесіне тағып алып, мені училище директорының алдына бір-ақ апарды. «Балам осы оқудан басқа оқуға түспеймін дейді, үш жыл болды келіп-кетіп жүргеніңе, суретші болам деп жүр», – деп түсіндірді. Ақыр соңында орынға талас күшті болса да, буафор факультетіне түстім. Бос қарап отыра алмайтын мінезім бар, содан мақтаға барып мақта теріп, жүзімдікте жүзім теріп, барлық жұмыстарға қатысып, белсенділігімізбен көзге түстік. Төрт жыл оқыған оқуымды сәтті тәмамдадым. Кураторымыз өте ұқыпты және жауапкершілігі жоғары адам болды, бізге қабілетімізге қарай тапсырмалар беріп отырды. Сол кезде Мәдениет институтында Әл-Фарабидің мүсініне дейін жасап, тағы басқа да шығармашылық тапсырмаларды орындап жүрдім. Училищені бітірер кезде мені және тағы бір жігітті Ленинградтағы Репин атындағы көркемсурет институтына жіберетін болды. Қуанышымда шек болмады, ауылға құстай жетіп, осы жетістігімді анама айттым. Бірақ анам алысқа жіберуден қорқып, жазда амалын тауып мені үйлендіріп жіберді. Ал отбасылы адамдарды ол жаққа жібермейді екен. Осылайша Ленинградтағы оқу мен үшін қол жетпес арманға айналып қалды.

Содан ганчта ою-өрнек ою бойынша еңбегімді сәтті қорғап, дипломымды алып елге қайттым. Ордабасы ауданы, Шұбар елді мекенінің тумасымын. Әкем дәнекерлеуші. Мен совхозда плакаттарға сурет салып, мерекелік шаралардың барлық безендіру жұмыстарын атқарып, композициялық жұмыстар орындап көзге көріндім.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары кабинеттерге тұңғыш президентіміздің портретін арнайы тапсырыспен салдым. Кейін ауыл мектебіне жаңа директор келіп, ауылдағы суретшімізді көріп, өзі арнайы шақырып, мектепке жұмысқа алды. Сөйтіп, сызу мен бейнелеу өнерінен сабақ бере бастадым. Алғашында қатты қобалжыдым. Педагогикалық білімім жоқ, сахна безендірушісі мамандығын алғанмын, театрда жұмыс істеуім керек еді, енді мектепте балалармен қалай



ТАЙҚАЗАН ОЖАУЫН ЖАСАҒАН ШЕБЕРДІҢ СЫРЫ

жұмыс істеймін? Мүсінші болам деп жүрген мен қалай мұғалім болып кеттім деген оймен қатты арпалыстым. Бірде радиодан бір журналының жазушыдан: «Аға, бір жылда бір том жазасың, не деген таусылмайтын сөздер бұл?» – деп сұрағанда, жазушының: «Күніне бір парақ жазсам, жылына 365 бет болады, бір том болмай не болды», – деп жауап бергені есімде еді.

Сонда түсінгенім, шығармашылыққа адам күніне бір-ақ сағат бөлсе де жеткілікті екен. Бірақ сонда да мен немен айналысамын деген сұрақ мазамды алды. Карикатура салайын десем – «Ара» журналында ондай дүниелер толып жатыр. Пейзаж, мүсін, қолөнер бұйымдары – бәрі мұражайларда самап тұр. Сурет салайын десем де, аса бір қызықты дүние болып көрінбеді, натюрморт саламын ба, не саламын – құлды жасайтын дүниенің бәрі мен үшін ада болғандай сезілді. Өз арманымды жүзеге асыратын жаңа бір шығармашылық жол іздедім, сол ой күндіз-түні маза бермеді.

Содан бір күні жұбайымның әжесінің үйіне бардым. Жасы тоқсаннан асқан, көзі көрмейді, Жұмақұл деген әжеміз еді, жарықтық. Мен үндемей келіп амандастым, ол қолымды сипалап тұрып: «Бәкіржан, сенбісің?» – деп мені танып қойды. Көзі көрмейтін адамдардың сезу мүшелері ерекше болады екен-ау деп қатты таң қалдым. Әжеміз: «Балам, саған бір тапсырмам бар еді», – деді. Ол кезде дүкен сөрелері бос, тоқырау жылдары. «Мен темір қасықты пайдалана алмай қалдым, маған ағаш қасық жасап берші», – деп өтінді. Негізі, бұрын өзіміз қолданған украиндық ағаш қасықтарын еске түсіріп жасап берсем, жарты сағатта ойып жасар едім. Бірақ олай жасамай, «оқарайды» деп уәде бердім де қойдым. Келесі жолы қайын жұртқа барғанда әжем қасығын сұрап қалмасы бар ма? Жаным қалмады, мен уәдемді ұмытып кеткенмін, «қасыққа лайықты ағаш іздеп жүрмін, апа» деп сылтау айттым. «Ой, айналайын» деп ол кісі сеніп қалды. Арада кішкене уақыт өтіп, тағы барғанымызда: «Қасық не болды?» – деді. «Ағашы кеппей жатыр» дедім тағы сылтауым таусылмай.

Енді жолыма қарап, қасығын күтіп отырған әжеме қалайда қасық жасау керек екенін түсіндім. Содан тұт ағашын тауып, оны ойып алдым. Бас жағын дөңгелек етіп алдым да, сабын түп-түзу етіп жасай салуыма болар еді. Бірақ қолөнерге деген қызығушылығым оянып, сабын екі шашты өргендей өріп, оялап жасадым. Мақсатым әжеме берген уәдені абыроймен орындау. Осылайша алғаш жасаған бұйымымды әжеме апарып бердім. Ол риза болып, арқамнан қағып қалды. Біраз уақыттан соң әлгі қасықты қызынан өзіме қайтарып жіберіпті. Бұнысы несі дедім де, еңбек пәнінен сабақ беріп жүрген кезім ғой, сыныбыма апарып қоя салдым.

Содан бірде мектепте аудандық білім бөлімі көрме ұйымдастыратын болды. Әдетте адамдар ол көрмеге темір қалақ, көсеу сияқты тұрмыстық еңбек заттарын апаратын. Мен не апарарымды білмей, сол ағаш қасығымды апардым. Көрме далада өтті, әр мектеп үстел жайып қойған. Мен жалғыз қасығым заттардың арасында көзге түспей қала ма деп, оны тұт ағашына салбыратып жіппен байлап қойдым. Сол қасық комиссияның көзіне түсіп, қызығушылығын тудырды. «Міне, нағыз қазақтың қолөнер туындысы!» – деп бағалап, сол көрмеден грамота алып қайттым.

Ауданнан орын алып келген мені ертесіне бәрі құттықтап, бұл маған үлкен мотивация болды. Келесі көрмеге тағы жаңа түрін жасап апардым, тағы жүзде алдым. Осылайша мен қасық, шөміш, ожау жасауды біржолға қолға алдым. Осы уақытқа дейін шие, жаңғақ, шабдалы, қарағаш, кәрі тұт, жас тұт

басшысына барып: «Бір тал ексең, он тал ек» деген, мен бұл ағаштың орнына он тал егіп өсіріп берейін, маған мына шынардың қажетті жерінен үш метр беріңіз, бір тарихи туынды жасайын», – дедім. Ол кісі: «Жарайды, ертең жиналыста айтайын, бермей несі бар», – деді.

Бірақ бір себептермен мен сол жиналысқа қатыса алмай қалдым. Ертесіне асығып басшыға жүгіріп барып, «Кеше жиналысқа қатыса алмадым, ағашты беретін болдыңыздар ма?» деп сұрасам, ол кісі: «Айналайын, аулақ жүр, бұл ағашқа байланысты кеше дау шығып кетті, біреулер зейнетке шығар алдында тыныш кетейік деді, біреулер өзімізге отынға керек деп қарсы болды, әзірге беретін түрі жоқ», – деді. Мұны естіп үндемей қоя салдым, бір білетінім, мен дауласып, тартысып жүріп алғанмен одан жақсы бұйым шықпайтыны анық. Бірақ тарихи ожау жасау туралы ойым күннен-күнге пісіп, көз алдымнан кетпей қойды. Оның ішіне сақ дәуірінен бастап батырларымызды, хандарымызды, билерімізді, ақын-жазушыларымызды, ғұламаларымызды оялап түсірсем

деп қиялдадым.

Содан 2000 жылдың қаңтар, ақпан айлары өтті, наурыз айы келді. Наурыздың 8-10 күндері жаңбыр құйып, артынан қалың қар жауып, ағаштар бұтағын көтере алмай иіліп қалған екен. Таңертең мектепке бара жатқанымда көрші аулардың арасындағы өткелмен келе жатып, бір ағаштың қатты иіліп тұрғанын көрдім. Қарасам, тұт ағашының бір бұтағы дәл кесуге лайық болып тұр екен. «Бұл бекер емес», – деп ертесіне сол үйдің иесіне барып, «мына иілген бөлігін маған беріңіз» дедім. Ол кісі: «Ала беріңіз, кесетін адам таппай жүр едік», – деді. Қуанышым қойныма сыймай, жаныма бір жігітті ертіп алып, керекті жерінен бір жарым метрдей кесіп үйге әкелдік. 11 наурызда сабағымды асығыс өткізіп келдім де қиялымдағы бұйымды жасауға кірістім, сол күннен бастап шаппа-шотымды тастамай, алты ай бойы дамылсыз еңбектеніп, көптен бері ойымда жүрген тайқазан ожауын дүниеге әкелдім.

Тойдың нақты күні әлі белгісіз, үлгеремін бе, үлгермеймін бе деп алаңдап, кімді көрсем де Түркістан тоы қашан болады екен деп сұрай беремін. Бір қызығы, тайқазанның нақты түсін арнайы барып көрмегенмін. Кітаптарға қарасам, бір жерінде қоңыр, бір жерінде көкшіл түстер түрленіп тұрады. Кітапта тайқазанды Әмір Темірдің тапсырмасымен Қарнақ елді мекенінде Сәруар әлдин Әбд-Әзіз баласының жеті түрлі металлдың қоспасынан құйғаны жазылған.

Сонда мен де жеті түрлі түсті бояуды алып, еріткіш қосып араластырдым. Қарасам, төгіп тастайтындай бір сұрықсыз түс шықты. Бірақ «жеті түстің қасиеті бар» деп, ожауды сол қоспамен түгел бояп шықтым да, ақ шүберекпен сүрттім. Сонда бір жері қоңыр, бір жері көкшіл, бір жері сары болып, ағаштың өз фактурасына қарай боялып шыға келді. Кепкен соң ешкінің тоң майын қайнатып, ожаудың сыртын екі қайтара сылады. Ол май ағаштың ішіне сіңіп, тоңып қалады екен. Содан кейін су құйған едім, бір тамшысы сіңбей, суы ожаудан түгел ағып кетті.

Ожаудың ұзындығы – 1,15 метр, салмағы – 3,5 келі, сыйымдылығы – 7 литр. Ожаудың ішінде Пайғамбарымыздың өсиет сөздері, ернеуінде Абайдың өлеңі төте жазумен жазылған. Екі ғасырдың тоғысын білдіретін тиындар байланыстырылған. Әшекейлер, білезік бөлшектері, Қаратау шахтасынан алынған алтын-күміс рудасының қоспасынан жасалған сәндік элементтер бар. Көз тимесін деген ниетпен көздер салынды. Әмір Темір шырағындағы ою-өрнек, қошқар мүйіз, көне «жыланбас» білезігі, сүйектен жасалған тұмаршалар, үш бидің белгісі, Ясауи кесенесінің үлгісі, «Түркістан» деген жазулар, Әмір Темірге сыйға тартылған шырағданнан алынған элементтер – бәрі ожау-



ағаштарынан ою-өрнектеп 17 ожау жасадым. Соның бірі Швейцарияда, 90-жылдары сол жақта елшілікте істейтін бір кісіге сыйға тартқан едім. Жалпы бір бұйымды жасауға екі-үш ай уақыт кетеді. Ожауларыма балаға ат қойғандай ат қоямын: қол ожау, асық ожау, қазақ ою-өрнектері, шокпар ожау, иноплонетян, тұмарша, қыран бүркіт, барыс 2030, торсық, кәрі жілік.

Кейде ойлаймын, әжемнің әлгі қасықты маған қайтарып беруінің өзі де осы қолөнерді қолға алуыма себеп болған шығар. Әжеміз әулие адам еді. Ғасыр жасап, өзінің жұма күні өмірден өтетінін алдын ала айтқан. Айтқаны айдай келді – тура жұма күні дүниеден өтті.

– Тайқазанның ожауын жасау ойы сізге қалай келді?

– 1999 жылдары Түркістанның 1500 жылдығына дайындық басталған кезі болатын. Қолымда 17 ожауым бар. Б.Сапарбаевтың облыс әкімі болып тұрған кезі. Түркістанның тойына орай жасалатын дүниелер көрмеге қойылады деген әңгіме тарап, біз де соны күтіп, қараша, желтоқсан айларын үмітпен өткіздік. Мен осы қолымдағы ожауларымды көрмеге қоямын деп жайбарақат жүргенмін. Кейіннен ойландым, ожауды жасай берсең жасай бересің, ал қазан мен ожау егіз ұғым емес пе? Түркістанда тайқазан бар, ал соған лайықты, өзінің сыңары болатын ожау неге жоқ? Бар болса болған шығар, бірақ дәл сол қазанның көлеміне, рухына сай келетін ожау болды ма екен деген ой келді.

Содан дәу ағаш іздей бастадым. Мектепте істеп жүрген кезім, аулада екі адам құшақтаса зорға жететін түп-түзу кәрі шынар өсіп тұрған. Шынар еменнен кейінгі ең мықты, сапалы ағаштардың бірі емес пе?! Кәсіподақ

дың бойына енгізілді. Сондай-ақ Ө.Жәнібековтің «Жолайырықта» кітабындағы шимай өрнектерді де қамтыдым. Осылайша тайқазанның ожауын дайындап, тойдың қарсаңында Өлкетану мұражайына өткізіп үлгердім.

– Барыс 2030 ожауы – аты да қызық, заты да ерекше көз тартады екен, ожаудың пайда болу тарихымен таныстыра кетсеңіз.

– Барыс 2030 ожауының тарихына келсек, негізі шабдалы ағашы табиғатында үш жыл жемісін береді, ал содан кейін көбінесе отынға айналады. Міне, есік алдындағы шабдалы ағаштың серейген бұтақтарын отынға қойып, бір бұтағын алып қалдым да, қалқыма ожау жасауға кірістім.

Негізі ожаудың бетінде қымыз құйылатын-құйылмайтын белгі көрінуі керек, егер беті қалқып тұрса – қымыз құйылмайды, ал егер басы ауыр болып батып кетсе – «құйып бер» деген белгі. Сондықтан бас жағын және сабының ортасын оюлап жұқарттым, ал сабының ұшын домалақ етіп қалдырдым. Бірақ әлі де ауыр болып тұрды. Сол себепті сабының ұшындағы орта жағын ойып, ішкі қуыс жасап, оған 50 тынының елтаңбасын сыртына қаратып салып, қорғасынмен томпайтып, желімдеп бітірдім.

Әлі де қажетті ауырлық болмаған соң, ішкі қуысқа қосымша ойып, сабына қанықтыратын белгі ретінде қанат бейнесін салдым, сол сәтте өз-өзінен барыстың бейнесі көрінгендей болды. Осыдан кейін ожауға қанатты барыстың «Барыс 2030» деген атын лайықты көрдім. Одан кейін қанаттың екінші жағы бос қалды. Осы бөлікке ожау өзіндік тірі дыбыспен шылдырласын деп көз моншақ қостым. Бұл моншақ ойынға емес, бұйымның ерекшелігін көрсету үшін қойылған. Бір бетін моншақпен қаптап, екінші бетіне өз аты-жөнімді, мекен-жайымды және шабдалы ағашынан жасалған деген жазуды қалдырдым. Ожау Ордабасы ауданының 35 жылдығына орай жасалды, қазір одан бері 25 жыл өтті. Кім білсін, мыңжылдықтар өткенде ұрпағымыз зерттеу жүргізіп, осы ожаудың ішін ашып, мен қалдырған мәліметке қол жеткізбесіне кім кепіл?

– Ағай, өз жолыңызды жалғар шәкірттеріңіз бар ма? Қолөнерге қызығатын жастар көп пе?

– Бар, шүкір. Қолөнер бір адамның ғана ісі болып қалмауы керек. Сабак барысында да, түрлі шеберлік сағаттарында да балаларға ағашпен жұмыс істеудің қыр-сырын үйретіп келемін. Кейбір шәкірттерім қазірдің өзінде ою ойып, шағын бұйымдар жасай бастады. Маған ең маңыздысы олардың дайын дүниені емес, оймен, ниетпен, сабырмен жасалатын еңбектің қадірін түсінгені. Егер бір шәкіртім ұлттық қолөнерді өмірлік жолы етіп тандаса, мен үшін сол ең үлкен олжа.

Сондай-ақ өзімнің інім Бақытжан да Қастеев училищесінің түлегі, қолөнермен айналысады, астау жасайды, көрмелерге қатысып жүр. Қазір мектепте қолөнер үйірмесін жүргізіп, шәкірт тәрбиелеуде. Бұдан бөлек, қызығушылық танытып, ата-анасы ертіп әкелетін балалар да аз емес. Әрине, бәрі бірдей шебер болып кетпейді, бірақ сол жүз баланың біреуіне болса да осы қасиет қонса, еңбегіміздің зая кетпегені. Балаларым да өнерден алыс емес, қолынан іс келеді. Екі үлкенім медицина саласында еңбек етеді, кенем қаржы факультетін бітірді. Ал үлкен немерем сурет салуға ерекше құмар, қолынан қаламы мен қағазын тастамайды. Өнерге деген ықылас ұрпақтан-ұрпаққа осылай жалғасса деймін.

– Уақыт бөліп, мазмұнды сұхбат бергеніңізге рахмет!

Р.С: Бәкіржан Айдарбектің бұйымдары – қарапайым қолданбалы заттан ұлттық тарих пен рухани құндылықтың біртұтас көрінісіне айналған шедеврлер. Әсіресе Тайқазан ожауы шебердің қолынан шыққан туынды ғана емес, ұлттың өткені мен болашағын байланыстыратын символ. Мұндай шығармалар қазақ қолөнерінің терең сырын көрсетіп, әрбір ұрпаққа ұлттық дәстүр мен мәдениеттің мәнін сездіреді. Шебердің еңбегі арқылы өнер тек көзге көрінетін есептік емес, халық рухының айнасы екенін түсінесіз.

Несібелі ҒАЙБҮЛЛАҚЫЗЫ



– Менің балалық шағым Аққолтық ауылында өтті. Шөп ордық, арбамен шөп тасыдық, әкеме көмектестім. Қай жерде жүрмейін жаным қырға шығып ән айтуды қалайтын да тұратын. Сондықтан да болса керек, қайда жұмсаса да қиналмайтынмын. Қырға шықтым болды, өзімді Ермек Серкебаев, ағайынды Мүсілім, Рашид Абдуллиндер сияқты сезініп, солардың дауысына еліктеп, ән айтамын. Біздің балалық шағымыз Ұлы Отан соғысынан кейін әлі елдің тұрмысы оңала қоймаған шаққа тұспа-тұс келді. Азық-түлік пен тұтыну затының тапшылығы, ауыр еңбек... Бірақ адамдар бір-біріне мейірбан еді. Қол ұшын созуға дайын тұратын. Сол есімде қалып қойыпты. Балалар біріміздің киімімізді біріміз киіп, бір нанды бөліп жеп, бір көрпені бірге жамылып жататынбыз.

– Далада ән айтудың жөні бөлек. Сахнаға қашан шықтыңыз?

– Мектепте алғаш рет «Почтальон» әнін орындағаным есімде. Терге малшынып, аяқ-қолым дірілдеп, қатты толқидым. Бұл жолы алдымда дала емес, көрермен отырды. Солардың мысы басты ғой деп ойлаймын. Мен әнді даладан, қамыстан, таулардан, желден, бораннан үйрендім десем де болады. Шынында, Созақтың сайын даласы ән атқызбай қоймайды, қазаққа әу деген жан жоқ шығар, сірә?! Сол мектептен бастап, әскерде де, одан кейінгі жылдарда да ән жансерігіме айналды.

Қайсыбір жылдары біздің Созақ өңіріне шетелдік делегация келіп, өндіріс басында кездесу ұйымдастырылды. Сол жерде көпшілік мені ән айтуға шақырды. Сонда қонақтардың бірі таңданып: «Шынымен жанды дауыста ән салып тұр ма?» – деп сұраған екен. Сол сәттен бастап мен үшін ән айту өмірімнің мәніне айналды. Түрлі өнер байқауларына қатысуды мақсат еттім. Қонақ, жиындарда тыңдарман, әнсүйер қауым қолқаласа, пәлсініп қалмаймын. Ел сұраса, жүрегім толқып, әнге деген махаббатым мен құлшынысым одан әрі арта түседі. Музыкалық аспаптың сүйемелдеуіңіз де айта беремін әнді. Өйткені мен үшін ән – сезім мен ойды жеткізудің, жан тыныштығын табудың жолы. Әр орындағанда тыңдарманмен байланыс жасап, олардың көңіл-күйіне әсер етуді есұақытта ұмытпаймын.

– Қандай әндер айтасыз?

– Негізінен халық әндерін, жергілікті сазгерлердің шығармаларын орындаймын. Сонымен қатар, теледидардан, радиодан көңіліме жаққан әнді жаттап, орындауға тырысамын.

– Неге өнер жолын таңдамадыңыз?

– 1962 жылы әкем қайтыс болып, барлық шаруа анамыздың мойнына артылды. Үлкен сахнаға шығуды армандайтын жаста анамызға көмектесіп, бауырларымызға жағдай жасадық, әкеміздің таяғын алып, қой бақтық. Мектеп бітірген соң оқуға баруға мүмкіндігіміз де болмады. Одан үш жыл теңіз флотында қызмет атқардым. Әскерден оралған соң Созақ ауылындағы кәсіптік-техникалық училищеге оқуға түсіп, механизатор мамандығын алып шықтым. Оқып жүріп сол жерден болашақ жарымды таптым. Құрманкүл сол училищеді есепшілік бөлімде жұмыс істейді екен. Екеуміздің дәм-тұзымыз жарасып, 1977 жылы желтоқсан айында шаңырақ

Сөз басы Қазақстанның әр өңірінде өз өмірімен, еңбегімен және өнерімен елге үлгі болып жүрген жандар бар. Солардың бірі – Қошқарбай Сәдуақасов. Ол Созақ ауданы, Шолаққорған ауылындағы бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы және «Ел құрметі» медалінің иегері. Қария 72-ге келсе де, өнерден қол үзбеген жан, әлі күнге дейін қазақтың дәстүрлі әндерін құй-қылжыта шырқайды. Біздің көйпкеріміз 1954 жылы Жартытөбе ауыл округіне қарасты Аққолтық ауылында дүниеге келген. Әкесі Сәдуақас алғашқы колхоз ұйымдастырушылардың бірі. Ұзақ жылдар «Жартытөбе» совхозында қаракөл өсіру, өнімін игеру жолында еңбек еткен. Анасы Қантай Нәдірбекқызымен үш ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірді. Өнерпаз қариямен әңгіме-дүкеніміз балалық шаққа саяхатпен басталды.

«МЕН ӘНДІ ДАЛАДАН, ҚАМЫСТАН, ТАУЛАРДАН, ЖЕЛДЕН, БОРАННАН ҮЙРЕНДІМ»

көтердік. Осы кездері анам қатты ауырып жүрген еді. «Көзімнің тірісінде келін әкел» деп қайта-қайта айта берген соң, бір жағы анамның өтінішін орындайын деп шештім. Осылай қалып қойдым.

Біз үйленген соң екі айдан кейін анам қайтыс болды. Сол жылы диплом алып, аудан орталығындағы жол жөндеу мекемесіне автогрейдерист болып жұмысқа орналастым, екі жылдан соң партия қатарына қабылдандым. Содан біраз жыл аудандық партия комитеті бюросының мүшесі болдым. Қатарынан үш рет ауылдық кеңестен аудандық кеңеске депутат болып сайланып, жергілікті халықтың сенімін ақтауға атсалыстым. Еңбек жолында бірнеше мәрте социалистік жарыстың жеңімпазы атанып, кеудемізге төсбелгі тақтық. Сонымен қатар, Халықтық бақылау комитетінде он жылға жуық штаттан тыс бақылаушы ретінде қоғамдық негізде қызмет атқарып, түрлі әлеуметтік маңызы бар жұмыстарға белсене араластым. Арасында ағайын-туыс пен құда-жекжаттың басын қосқан отырыстарда, жиын-тойларда ән айтып,

йып, алдап кетуге, біреудің көңілін қалдыруға, сондай-ақ орынсыз реніш тудыратын жағдайларға көңілім толмайды. Мұндай мінез-құлықтағы адамдардан аулақ жүремін. Шынайылық пен адалдық – мен үшін басты қағида, сондықтан айналадағы адамдардың сенімді әрі таза ниетте байланыс орнатуына ерекше мән беремін.

– Қазіргі жастар жайында, өзіңізден кейінгі өкшенізді басып келе жатқан жас буын жайлы ойыңыз қандай?

– Жалпы өзімізден кейінгі өсіп келе жатқан жастарға разымын. Олар дінге адал, ізгі ниетпен қарайды, арақ-шарап ішпейді, еңбеккер, тәртіпті және жауапкершілігі мол. Көшеде кездескенде сәлем беріп, үлкендерді сыйлайды, айналасындағы адамдармен ізгі қарым-қатынас жасайды.

– Жастарға қандай ақыл-кеңес айтар едіңіз?

– Жастарға айтарым – ең алдымен, үлкендерді сыйлауды үйреніңдер. Ата-ананы, ұстаздарды, ағайын-туысты қадірлеу – өмірлік басты қағидалардың бірі. Осыны естен шығармау керек.



өнерге деген сүйіспеншілігімді жоғалтпай, шығармашылық жолымды үзбей жалғастыра бердім. Мекемеаралық әншілер байқауында бірнеше рет ән орындап, өнерімді көпшілікке таныттым.

– Өнер жолыңызды қуған ұл-қызыңыз бар ма?

– Жұбайым Дүйсебаева Құрманкүлмен бес ұл өсірдік. Өнерге деген ерекше қабілет ұлым Дәулетте де байқалады.

– Өмірден түйген ең үлкен тағылымыңыз қандай?

– Өмірден түйген ең басты тағылымым – үлкенге ізет көрсету, кішіге құрмет жасау. Ұлттық, тілімді, дінімді шексіз сүйемін, қадірлеп, бағалаймын. Ағайын-туыстарыма жанашыр болу, көршілерге көмек қолын созу, ақсақалдарды, ардагерлерді сыйлау. Өнерді түсініп, қадірлей білу – менің өмірлік ұстанымдарымның бірі. Осындай қағидаларым менің мінезімнің, жүріс-тұрысым мен іс-әрекетімнің негізін қалыптастырады және өмірге деген көзқарасымды айқындайды.

– Қоғамда неге көңіліңіз толмайды?

– Қоғамда өтірік айтуға, адалдықтан та-

СӨЗ СОҢЫ

Қошқарбай Сәдуақасов бүгінде 2021 жылы құрылған «Сырлы Созақ» ардагерлер хорының белсенді мүшесі. Ардагерлерді қолдау, олардың тәжірибесін насихаттау, қоғамдағы беделін арттыру және жас ұрпаққа патриоттық тәрбиені насихаттауға бағытталған бұл хордың құрамында 22 мүше бар. Төртеуі ардагер ағалар болса, қалғаны әжелер алқасының мүшелері. Хордың репертуарында туған жер туралы әндер, халық әндері, сондай-ақ жергілікті сазгерлердің шығармалары бар. «Оларды орындау арқылы біз мәдени мұраны насихаттап, тыңдармандарға ұлттық дәстүр мен әуендердің сұлулығын жеткіземіз», – дейді өнерпаз қариялар.

Өнер тобы 2025 жылы Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған облыстық ардагерлер байқауында бас жүлдені иеленді.

Сұхбаттасқан:
Әлия ТАСТАНБЕКҚЫЗЫ

АДАМЗАТТЫҢ ҰРШЫҚ ИІРГЕНІНЕ ҚАНША ҒАСЫР?

Ертеде адамдар жіпті тек қолөнер бұйымы деп қарамаған. Жіп – өмірдің өзі, ал оны иіретін ұршық – тағдырды қозғалысқа келтіретін киелі құрал саналған. Сондықтан ұршық жай ғана тұрмыстық зат емес, халықтың дүниетанымында терең мағынаға ие болған.

Ұршық – адамзат тарихындағы ең көне құралдардың бірі. Ең алғашқы ұршықтар XIV ғасырда Үндістанда пайда болды деседі. Содан кейін бүкіл әлемге тараған. Бастапқыда құрылғыны қолмен қозғалтып, жуылған және тазартылған қойдың жүнін тазартып иіріп отырған. Уақыт өте келе аяқпен айналдырылатын түрі пайда болған. Бұл әдіс шығатын жіптің сапасын дәуір жақсартта түскен.



Сондай-ақ бұл қазақ даласында да кеңінен пайдаланылған. Қазақстан аумағында ұршықты шаруашылықта пайдалану сонау неолит заманынан басталған. Қола дәуіріндегі ескерткіштерде басы қыштан құйылған ұршықтар қалдықтары көптеп табылған. Алайда ұршық тек тұрмыстық құрал емес, аңыздар мен ертегілерде ерекше рөл атқарған. Мысалы, «Малифисента» фильмінде қарғысқа ұшыраған ұршықтың ұшы аврора ханшайымды мәңгілік ұйқыға жіберді. Сондай-ақ қазақ аңыздары мен ертегілерінде де ұршық тікелей атала бермегенімен, жіп иіру, тағдырды ширату, өмір жібін үзу немесе жалғау секілді бейнелер жиі кездеседі. Бұл – ұршықтың символдық рөлінің белгісі. Ертегілерде дана, сабырлы, көпті көрген аналар көбіне үнсіз еңбек үстінде, жіп иіріп отыратын кейіпте суреттеледі. Бұл кездейсоқ емес. Ұршық

иіру – тек қол еңбегі емес, ой жинау, өмірге зер салу сәті.

Ұршықтың айналуы уақыттың өтуіне ұқсайды. Ол тоқтамай айналып сайын жіп ұзара береді. Ертеде әйелдер ұршық иіріп отырып «Жіп үзілмесін, өмір жалғаса берсін» деп ырымдаған. Бұл – жіптің үзілмеуі өмірдің, ұрпақтың, берекенің жалғасуын білдірген сенім. Кейбір көне нанымдарда жаңа туған сәбидің өмірі жіппен бейнеленген. Анасы ұршық иіріп отырса, баланың жолы түзу болады деп сенген. Сондықтан ұршықты үйдің төріне тастамаған, аяқ астына тастау жаман ырым саналған.

Ұршық – әйел тағдырының нышаны. «Қыз балаға ұршық үйрету – оны өмірге бейімдеу» деген сөз болған. Ұршық ұстай білген қыз шыдамды, ұқыпты, еңбекқор деп бағаланған. Сондықтан ұршық кейде қыздың тағдыры, ана болуға дайындығы деген ұғымдармен астасқан. Ертеде кей өңірлерде келін болып түскен қызға

енесі ұршық сыйлаған. Бұл «Өмір жібін өз қолыңмен иірі, шаңырақтың берекесін сақта» деген астарлы тілек еді.

Ұршықтың қарапайымдылығы оның ұлылығын жасырып тұрғандай. Ол үнсіз айналады, көзге түспейді, бірақ соның арқасында киім тоқылады, үй жылынады, отбасы тіршілік етеді.

Қазіргі уақытта ұршық музей қорында сақталып, дәстүрлі тұрмыс пен қолөнер мәдениетінің куәсі ретінде таныстырылады. Бұл жәдігер арқылы қазақ қоғамындағы әйел еңбегі, тұрмыстық тәжірибе және дүниетаным сабақтастығы көрініс табады. Ұршық – өткен дәуірдің күнделікті өмірін бүгінгі ұрпаққа жеткізетін мәдени мұра.

Д.КЕРІМБЕКОВА,
Ұлы Дала Елі орталығы

МОБИЛЬДІ АУДАРЫМ: САЛЫҚ ОРГАНДАРЫ КҮМӘНДІ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ҚАЛАЙ АНЫҚТАЙДЫ?

Қазақстанда азаматтардың мобильді аударымдарына бақылау күшейтіліп жатыр. Қаржы вице-министрі Ержан Біржанов салық органдарының назарын қандай қаржылық операциялар аударатынын түсіндірді.

Вице-министрдің айтуынша, егер бір адамның есепшотына үш айдың ішінде шамамен 100 түрлі адамнан ақша аударылса, бұл жағдай автоматты түрде тәуекел аймағына енеді.

«Ай сайын әртүрлі адамдардан «тойға» немесе «туған күнге» деп тұрақты түрде ақша түсе беруі қисынсыз. Әріптестер арасында белгілі бір мақсатпен жиналған қаржы болса – ол түсінікті. Қандай да бір ортақ қажеттілікке ақша жинау жағдайларын да көріп, ескереміз», – деді Ержан Біржанов.

Алайда мәселе тауар немесе қызмет сату белгілері байқалған кезде туындайды. Егер есепшотқа әртүрлі адамдардан әрқилы сомада және жүйелі түрде қаражат түсіп отырса, бұл жасырын кәсіпкерлік қызметтің белгісі ретінде бағалануы мүмкін.

«Мұндай операциялар назардан тыс қалмайды. Барлығы талданып, сараптамадан өтеді», – деп нақтылады ол.

Сонымен қатар, вице-министр салық органдары күмәнді жағдай анықталған сәтте бірден айыппұл салуға көшпейтінін атап өтті.

«Алдымен азаматқа хабарлама жіберіледі. Ақша аударымдарының себебі сұралады. Яғни, ең алдымен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, диалог орнатылады», – деді Ержан Біржанов.



СПОРТ ЖӘНЕ ЖАУЫНГЕРЛІК ДАЯРЛЫҚ

ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаментінде жауынгерлік даярлықты жетілдіруге, жеке құрамның физикалық және моральдық-психологиялық төзімділігін арттыруға бағытталған маңызды спорттық іс-шара өткізілді. 2026 жылғы қаңтар айында Сарыағаш қаласында департамент біріншілігі аясында қоян-қолтық ұрыстан жарыс ұйымдастырылды.

Турнирге Түркістан облысы бойынша шекара басқармаларының және департамент бөлімшелерінің ең мықты әскери қызметшілері қатысып, өздерінің кәсіби шеберлігін, төзімділігін және жеңіске деген жігерін көрсетті. Жарыс ерлер арасында 57, 62, 67, 73, 80, 88, 97 келіге дейін және 97 келіден жоғары барлығы 8 салмақ дәрежесі бойынша өтті. Әр салмақта тартысты жекпе-жектер өтіп, шекарашылардың жоғары деңгейдегі дене дайындығы мен жауынгерлік машығы айқын көрініс тапты. Іс-шараны ұйымдастыру және өткізу барысында қауіпсіздік шаралары қатаң сақталып, жарыс белгіленген талаптарға сай өтті. Бірінші күні қатысушыларды өлшеу, жеребе тарту және мандаттық комиссия жұмысы жүргізілсе, екінші күні іріктеу және финалдық белдесулер ұйымдастырылып, жеңімпаздар анықталды. Жарыс қорытындысы бойынша үздік спортшылар марапатталып, командалық есепте жүлделі орындар бөлінді.

Командалық нәтижелер бойынша бірінші орынды Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасының командасы иеленсе, екінші орын Төлеби ауданы бойынша шекара басқармасына бұйырды. Үшінші орынды Мақтарал ауданы бойынша шекара басқармасының командасы жеңіп алды. Төртінші орынға департаменттің жедел

мақсаттағы бөлімшесінің командасы тұрақтады.

Жеке біріншілікте әр салмақ дәрежесінде үздік шыққан әскери қызметшілер жоғары дайындықтарын дәлелдеп, болашақта департамент құрамасының намысын қорғайтын спортшылар ретінде іріктелді. Турнир нәтижелері алдағы уақытта өтетін Шекара қызметінің біріншілігіне дайындыққа берік негіз қалады.

Қоян-қолтық ұрыс – шекарашының кәсіби даярлығын айқындайтын маңызды бағыттардың бірі. Мұндай жарыстар әскери қызметшілердің жауынгерлік қабілетін арттырып қана қоймай, тәртіптілікке, өзара қолдауға және жеңіске деген ұмтылысқа тәрбиелейді. Бұл – Шекара қызметінің басты қағидаттары саналатын жоғары жауапкершілік пен Отан алдындағы адалдықтың айқын көрінісі.

Өткізілген біріншілік Түркістан облысы бойынша департаменттің жеке құраманың спорттық әлеуеті жоғары екенін тағы бір мәрте дәлелдеп, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде физикалық және рухани дайындықтың маңызын көрсетті.

Р. АСАДИЛОВ,
ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаментінің әскери журналисті.

Айтары бар ақпарат

БАЛАЛАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІ ШЕКТЕУ: НЕ БЕЛГІЛІ?

Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова депутаттардың балалар мен жасөспірімдерге әлеуметтік желілерді шектеу туралы ұсынысына пікір білдірді. Бұл туралы ол Үкіметтегі брифингте айтты, – деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі.

Журналистер шенеуніктен балалардың әлеуметтік желілерге кіруін нақты қалай шектеу жоспарланып отырғанын сұрады. Жұлдыз Сүлейменованың айтуынша, министрлік бұл мәселені зерттеп жатыр.

«Қазіргі уақытта шектеулерді қарастырып жатырмыз, бірнеше ұсыныс бар. Министрлікте жұмыс тобы құрылды. Біз балаларды көптеген елде қолданылып жүрген заңсыз контенттен қорғауымыз келеді. Бұл мәселе ашық күйінде қалып отыр және қоғам, соның ішінде ата-аналар, педагогтер және БАҚ өкілдері

мен талқыланады», – деді Сүлейменова.

Сондай-ақ ол министрлік қарастырып жатқан нақты шараларды атады:

балаларға SIM-карталарды тіркеу – қолжетімділікті бақылаудың алғашқы қадамы; 14 жасқа дейінгі балалар пайдаланатын контентке мониторинг жүргізу – заңсыз материалдарды анықтау және бұғаттау үшін; мектептерде цифрлық және медиасауаттылықты арттыру, яғни балаларға интернет пен әлеуметтік желілерді қауіпсіз пайдалануды түсіндіру.

«Балаларға әлеуметтік желілерді шектеу мәселесін медиақуымдастық және ата-аналармен талқылау қажет болады. Жұмыс тобы қазірдің өзінде құрылды, оның отырысы өткен кезде толық ақпарат береміз», – деп қосты ол.

Жұлдыз Сүлейменова бұл бастама әзірге талқылау кезеңінде екенін, түпкілікті шешімдер әлі қабылданбағанын атап өтті.

СІЗ КІТАПТЫ ҚАЛАЙ ОҚИСЫЗ?



Кітап оқуды қазір басқа да құндылықтар сияқты насихаттауға көштік. Кітапқа ықылассыз қауым қай кезден көрініс бере бастады? Есіме академик Рахманқұл Бердібайдың сөздері түсіп отыр.



Үйіне барсам, Зада апа екеуі ас үйлерінде отыр екен. Алдында өзінің «Ел боламыз десек...» деген жақында шыққан кітабы тұр екен. Амандықтан соң: «Сіз кітапты қалай оқисыз?» деп сұрады. Жайдан-жай артық сөз айтпайтын ғалымның бір нәрсеге ренжүлі екенін түсіндім.

– Кітаптың авторын, атын, аннотациясын, алғысөзінен бастап соңғы нүктесіне дейін оқимын, – дедім. Тағы да дегендей жүзіме салмақпен қарады. – Егер дәрісте талданатын көркем шығармалар болса, ондағы өз мақсатыма орай үзінділерді жазып аламын. Ал ғылыми әдебиет болса, авторы мен шыққан баспасын, жылын көрсетіп, қажетті үзінділерді бетін көрсетіп жазып отырамын, – дедім.

– «Кітапты қарап шықтым» дегенді қалай түсінесің? – деді. Кейінгі жылдары студенттердің арасында, жас оқытушылардың аузынан естіліп қалып жүрген сөз ғой. Бір түрлі сескенгендей түр көрсеттім. Бірақ ұстаз жауап күтіп отыр.

– Кітаптың сыртын, авторын, аннотациясын, мазмұнын оқып, неше беттен тұратынын көру болар, соны «қарап шықтым» дейтін шығар, – дедім күмілжіңкіреп.

– Ой, сен, тіпті, қиындағып жібердің ғой, қарап шыққан адам тек сыртын көретін болар, – деп апа сөзге араласты. Ғалым: «Апаң дұрыс айттып отыр», – деп күрсінді. Ел басқарып отырған бірнеше азаматқа үлкен үмітпен кітабын ұсынып, олардан кітаптан ел қызметіне пайдалы кеңес алғанын естігісі келген екен. Арада біраз уақыт өткізіп, кітап туралы сұраса: «Иә, қарап жатырмын, қарап шықтым», – депті. Кітап оқымайтын мансапқа ұмтылған толқын жетіліп, ел басқаруға жарап қалғанына қатты ренжіп отыр екен.

Шақыртып жатыр деген соң, сабақтан шығып үйіне барғанмын. Апа самаурынын қайнатып күтіп отыр екен. Ғалым төрдегі орнында отыр. Алдында жұлма-жұлмасы шыққан «Байқалдан Балқанға дейін» деген кітабы жатыр екен. Ол кітапты байқамаған түр көрсеттім. Бірақ еш нәрсені қалт жібермейтін қырағы көзі кітапты көргенімді біліп отыр.

– «Мына кітап қай соғыстан келген?» деп сұрамайсың ба? – деді. Сол кітапты мен бүлдіргендей қатты ыңғайсыздандым.


Ә.Нұршайықов «Абай» романын соғыстан аман алып келеді ғой. Алдында өлім шашқан ауыр соғыс, соның арасында тар окопта отырған қазақ жауынгерлері сол романды оқыған. Бір әрпіне, бір бетіне дақ түсірмеген екен. Авторына сыйлағанда, заңғар жазушы қатты толқыған. Жазғанын халқы сүйіп оқығанына риза болған. Ғалым «Менің кітабымның халі мынандай...» дегендей кітапқа бір түрлі мұңды көз тастады. Ол кезде университетімізде «Түрік халықтары әдебиеті» пәні оқытылатын. Сол пәнге ғалымның кітабын оқулық ретінде пайдаланылатын. Ғалымның жақын туысының баласы кітапты сұрап алған. Ал, қайтарғандағы халі анау... Біраз үнсіз қалдық.

– Сонда кітаптың құны бір емтиханнан өту болғаны ма? Оны оқып, кәделеріне жаратса, өкініш жоқ қой. Әрқайсысы сол емтиханға кіргенде сұрақтарына орай беттерін жұлып алып отырған. Мүмкін, біреуі мына жақтан жыртып беріп тұрған. Сонда ол білім бе? Емтиханнан өткен соң, ол пәннен жарты жыл оқығандарында алғандары кітапшасына түсетін бір баға ма? Кітаптың иесіне, оның авторына кітапты мынадай жағдайда қайтарып отырғандардан не күтуге болады? Кітапты қалай оқиды? Ықылассыз, құрметсіз, тұшынбай оқыған соң санасына сәуле түсе ме?

Кітабын емес, өз жүрегің тілгілегендей күңіренген абыздың бетіне қарай алмадым. Дүние емес, кітап жинаған, бар ойын кітапқа түсіріп, ертеңге аманаттап отырған ғалымды жастардың асыл мұраға деген жауапсыздығы ашындырғанына куә болып едім.

Сіз кітапты қалай оқисыз? Балаларыңызға кітап оқуды үйретесіз бе?

Жанымгүл КАМАЛҚЫЗЫ



ҚҰРСАҚ АНАНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ҚАНША ТҰРАДЫ?

◀ (Соңы. Басы 1-бетте).

ҚҰРСАҚ АНАҒА ҚОЙЫЛАР ТАЛАП ҚАНДАЙ?

Суррогат ана болу тәртібі «Неке және отбасы туралы» Кодекстің тоғызыншы тарауында көрсетілген. Экомед клиникасының дәрігер-репродуктологы Ислам Ерғалиевтің айтуынша, сол заңға сәйкес, суррогат ана 20-дан 35 жасқа дейінгі әйел болуы керек және кемінде бір баласы болуы шарт.

– Суррогат аналар алдымен агенттік деңгейінде іріктеуден өтеді. Олар IQ-тест тапсырады, барлық инфекциялар бойынша тексеріледі. Кейін клиникада ультрадыбыстық зерттеу жүргізіледі. Барлық көрсеткіштері қалыпты болған жағдайда ғана құрсақ ана ретінде қабылданады, – дейді дәрігер.

Репродуктолог атап өткендей, суррогат ананың көмегіне тек нақты медициналық көрсеткіші бар жұптар ғана жүгіне алады.

– Әйелдерде жатырдың болмауы, ауыр туа біткен немесе жүре пайда болған патологиялар, жатырды алып тастау жағдайлары кездесіп жатады. Кейбір жағдайларда, әсіресе ЭКҰ-ның бірнеше рет сәтсіз аяқталуынан немесе үйреншікті түсіктен кейін суррогат анаға жүгіну – генетикалық тұрғыдан балаға қол жеткізудің жалғыз жолы, – дейді репродуктолог.

Ерекше атап өтетін жайт, баланың суррогат анамен ешқандай генетикалық байланысы жоқ.

– Бұл – биологиялық ата-ананың баласы. Процесс барысында ерлі-зайыптының жыныс жасушалары алынады. Кей жағдайда жасушалардың бірі донорлық болуы мүмкін, бірақ екіншісі міндетті түрде ата-ананың біріне тиесілі болуы тиіс немесе әйелдің, не ер адамның жасушасы алынады. Одан кейін құтыда ұрықтандыру бағдарламасы жүргізіледі, осылайша эмбрион дайын болады.

Суррогат ананың жатыры баланы қабылдауға алдын ала дайындалатынын айту керек. Кейін эмбрион суррогат ананың жатырына көшіріледі және жүктілік анықталады, – деп түсіндірді Ислам Ерғалиев.

ЖЕКЕ ТӘЖІРИБЕДЕН АГЕНТТІККЕ ДЕЙІН

Манара Байгожина үш жыл бұрын медициналық көрсеткіштерге байланысты суррогат ана қызметін пайдаланған. Алғашқы баласынан кейін ұзақ уақыт бойы жүкті бола алмаған. Бірнеше рет ЭКҰ жасатқанмен, нәтиже болмағанын алға тартады. 3 жыл бұрын суррогат ананың қызметі арқылы оның отбасында Арлан мен Тайыр есімді егіз ұл дүниеге келген.

Өз тәжірибесінен кейін Манара Байгожина суррогат ана агенттігін ашқан. Оның айтуынша, ай сайын мекемеге шамамен 10 жұп жүгінеді.

– 2021 жылы суррогат ананы өзіміз тауып, нотариус арқылы келісімшарт жасадық. ЭКҰ бағдарламасынан өттік. Бұл – толықтай биологиялық балалар. Эмбрион әйел мен ер адамның биологиялық құралы. Балаларыма қарасам, өз ата-анамның бейнесін көремін. Бұл – медицина көмегімен ата-ана болуды мүмкіндігі, – дейді Манара Байгожина.

Манара Байгожинаның айтуынша, агенттікке шетел азаматтары жүгінеді.

– Қазақстандықтардың жолы болған. Себебі бізде бұл қызметке заңда рұқсат етілген. Кейбір елдерде бұған мүлде тыйым салынған. Сондықтан Қазақстан – шетелдіктер үшін де мүмкіндік елі, – дейді ол.

ЖҮКТІЛІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАМҚОРЛЫҚ ПЕН МІНДЕТТЕР

«Болашақ» суррогат ана орталығының басшысы Дамира Бекбергенова суррогат аналарға жүктілік кезінде қандай жағдай жасалатынын түсіндірді.

– Әрбір отбасы мен әйелдің талаптары әртүрлі. Суррогат анаға қандай жағдай жасалатыны бағдарлама басталар алдында, тапсырыс берушілер – яғни баланың биологиялық ата-анасы мен әйелдің арасындағы келісімшартта жазылады және нотариус арқылы расталады, – дейді ол.

Маман сондай-ақ өзінің тәжірибесінде бірде-бір суррогат ананың баламен эмоционалды байланыс сезімі туындамағанын айтты.

– Мұндай жағдай бірде-бір рет болмаған. Олар босанғаннан кейін баланы ата-анасына береді. Кейбірі тіпті бала туған соң оны тамақтандырып та қоя алады. Бірақ олардың балаға ешқандай құқығы жоқ. Сондықтан олар бұл процеске жұмыс ретінде қарайды, – деп түсіндірді маман.

Шартта барлық жағдай, соның ішінде форс-мажорлық жайттар да нақты көрсетіледі. Мысалы, егер түсік болса, суррогат ана келісімшартта жазылған аз мөлшердегі өтемақыны алады. Дегенмен, бұл ірі сомалардың артында үлкен физикалық жүктеме, әлеуметтік қысым мен эмоционалды күйзеліс бар.

– Қазақстанда суррогат аналардың қызметіне ең төмен баға белгіленген. Бұдан арзаны тек Малайзия, Филиппин және Африка елдерінде ғана бар. Менің ойымша, суррогат ана болу – өте ауыр жұмыс және ақы соған сай төлену керек, – дейді Дамира Бекбергенова.

БАҒА, ТЫЙЫМ ЖӘНЕ ТАҢДАУ

Суррогат ана қызметінің құны жыл сайын өзгеріп отырады және оның бірнеше факторға байланысты қалыптасатынын білдік. «Болашақ» суррогат ана орталығының басшысы Дамира Бекбергенованың айтуынша, егер тапсырыс берушілер Қазақстан азаматтары болса, тәжірибесі жоқ суррогат ананың қызметі кемінде 5 миллион теңгеден басталады. Ал бұрын суррогат ана болған әйелдің қызметі 7 миллион теңгеге дейін жетеді.

– Биологиялық ата-аналар жүктілік кезінде суррогат ананы тұрғын үймен қамтамасыз етпесе, оған ай сайын шамамен 300 мың теңге төленеді. Алайда көп жағдайда құрсақ анаға баспана берілетіндіктен, бұл сома төмендеуі мүмкін. Сонымен қатар босанғаннан кейін денсаулығын қалпына келтіру үшін анаға 400-500 мың теңге көлемінде өтемақы қарастырылады. Кесарь тілігімен босанған жағдайда бұл сома 1 миллион теңгеден басталады. Ал егіздер дүниеге келгенде төленетін өтемақы 1,5 миллион теңгеден асады, – дейді ол.

Ranking.kz сарапшыларының деректеріне сәйкес, Қазақстанда суррогат ана қызметінің толық құны 9,8 миллионнан 15,5 миллион теңгеге дейін жетеді. Бұл шамамен 21,8-34,4 мың АҚШ долларына тең. Ал Еуропа елдерінде бұл қызмет әлдеқайда қымбат. Чехияда – 65-85 мың доллар, Бельгияда – 54-65 мың доллар, Данияда – 50-60 мың доллар. Ресейде суррогат ана қызметінің құны 60 мың АҚШ долларына дейін барады.

Сонымен қатар бұл тәжірибеге әлем елдерінің көзқарасы әртүрлі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы суррогат ана қызметін қосымша репродуктивті тәсіл ретінде мойындағанмен, көптеген дамыған елдерде оған заң жүзінде тыйым салынған. Атап айтқанда, Франция, Германия, Австрия, Норвегия, Қытай және Швецияда суррогат ана қызметіне рұқсат жоқ.

Үндістанда бұл қызмет енді ғана еніп жатыр. Алайда елдегі құрсақ аналар заңмен тыйым салынған мемлекеттердің азаматтарына қызмет көрсетпейді. Қазақстанда да құрсақ ана қызметі діни тұрғыда құпталмайды.

– Біріншіден, ер кісі мен құрсақ ана арасында неке жоқ. Екіншіден, әйел жатыры сауда-саттыққа жататын мұбаха зат емес. Бұл тәсілде жасушалар бірдей ерлі-зайыптыға тиесілі болмауы мүмкін, ал тіпті тиесілі болған күннің өзінде жатыр бөтен адамдікі. Сондықтан ислам мұны құп көрмейді, – дейді Нұрлан қажы Асанов.

Дегенмен Қазақстан зайырлы мемлекет болғандықтан, бұл үдеріс шарият қағидаларымен емес, Конституция мен заң талаптарына сәйкес реттеліп отыр. Қалай болғанда да адамдар суррогат ананың көмегіне немесе бұл қызметті атқаруға жеңіл келісе салмайды. Таңдаудың артында көбіне әлеуметтік немесе медициналық күрделі себептер жатқаны түсінікті...

<https://kaz.inform.kz/>



жірібе беруге ерекше көңіл бөледі.

Университеттің миссиясы – тек білім беру емес, өмірге дайындау. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуы, стартап жобаларға араласуы, әлеуметтік және мәдени шараларда белсенділігі олардың кәсіби және жеке дамуының кепілі. Қоғамдық өмірге араласу – көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, азаматтық ұстаным қалыптастыруға, өзін-өзі басқару дағдыларын меңгеруге, ұлтаралық мәдениет пен әлеуметтік байланыс тәжірибесін қалып-

БІЛІМДІ ҰРПАҚ, БІЛІКТІ МАМАН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ОРТА

XXI ғасыр – білім мен дағдыны жетілдіру ғасыры. Бұл дәуірде мемлекеттің дамуы, экономикалық өсуі, әлеуметтік тұрақтылығы тек инновациялық ойлай білетін, терең білімге ие, кәсіби дағдыларын үздіксіз жетілдіретін кадрларға тікелей байланысты. Әрбір адам өз бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін үнемі өз білімін толықтырып, жаңа кәсіптерді меңгеріп, заманауи технологиялар мен еңбек нарығының талабына бейімделуі тиіс. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі – ел дамуының негізгі қозғаушы күші.

Білімді ұрпақ – жарқын болашақтың кепілі. Сол себептен мемлекет үшін стратегиялық басымдықтардың бірі – жас ұрпақты білімді, білікті, шығармашылық бейім, заманауи нарық талаптарына сай тұлға ретінде қалыптастыру. Бұл – өмірдің барлық саласында белсенді, еркін, жан-жақты дамыған, жаңа идеяларды жүзеге асыра алатын, өз көзқарасын қалыптастыра білетін азамат тәрбиелеу деген сөз. Біздің университет – осы мақсатқа қызмет ететін білім мен ғылымның ордасы. Мұнда студенттер өздерін жан-жақты дамыта алады: көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру, қоғамдық өмірге белсенді қатысу, өзін-өзі басқару дағдыларын меңгеру, ұлтаралық және әлеуметтік өзара байланыс тәжірибесін жинау – барлығы университеттің басты миссиясының құрамдас бөлігі.

«Экономика және құқық» факультеті – заманауи экономика мен менеджмент саласында кәсіби мамандар даярлауға бағытталған. Біздің кафедралар – «Экономика және менеджмент» және «Халықаралық бизнес және менеджмент» – студенттерге терең теория әрі нақты практикалық дағдылар береді. Мұнда әр сабақ – болашақ кәсіби жетістіктің алғашқы қадамы.

Бакалавриат бағдарламалары:

6B04101 – «Есеп және аудит»

6B04102 – «Қаржы»
6B04103 – «Экономика»
6B04104 – «IT менеджмент»
6B04105 – «Мемлекеттік және жергілікті басқару»
6B04106 – «Іскерлік әкімшілік (BBA)»

Магистратура бағдарламалары:

7M04101 – «Экономика»
7M04105 – «Мемлекеттік және жергілікті басқару»

Барлық бағдарламалар студенттердің кәсіби деңгейін халықаралық стандарттарға сай шыңдауға, олардың жақсы бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуына бағытталған.

Біздің факультет – бұл тек білім емес, бұл – жаһандық мүмкіндіктерге жол ашатын платформа. Мұнда әр студент өз потенциалын толық ашады, тәжірибе жинайды және заманауи экономика көшбасшысы болады.

Айрықша назар аударатын жайт – 6B04106 – «Іскерлік әкімшілік (BBA)» бағдарламасы. Бұл бағдарлама бойынша сабақтар ағылшын тілінде өткізіледі, шетелдік профессор-оқытушылар тартылған. Студенттерге жаһандық білім алу, халықаралық тәжірибе жинақтау, цифрлық экономика мен халықаралық бизнес нарығына дайындалу мүмкіндігі беріледі. Сонымен қатар, бағдарлама заманауи дағдылар мен практикалық тә-

тастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, университет салауатты өмір салтын насихаттау, рухани дамытуды қолдау, шығармашылық қабілеттерді шыңдау сияқты аспектілерге де ерекше мән береді. Бүгінгі студент – ертеңгі елдің тірегі, ал білікті маман – қуатты экономика кепілі.

Біздің университет – тек оқу орны емес, ол – болашаққа бастар жол. Мұнда әр студент өз талантын шыңдап, білімді, білікті, қоғамға пайдалы тұлға ретінде қалыптасады. Білім беру бағдарламалары, ғылыми зерттеулер, халықаралық тәжірибе беру саясаты студенттерді заманауи экономика мен қоғам талабына сай тәрбиелеуге бағытталған.

Болашаққа бастар жол – университеттен басталады. Бүгінгі білім – ертеңгі жетістік, ал университет – сол жетістіктің іргетасы. Студенттердің әр қадамы, алған тәжірибесі және шығармашылық әрекеттері – Қазақстанның білім мен ғылым саласында көшбасшы елге айналудың жолындағы нақты үлесі.

Құрметті талапкерлер! Сіздерді Ж.А. Ташенев атындағы университеттің білім мен мүмкіндіктер әлеміне шақырамыз! Мұнда сізді күтеді:

Жоғары сапалы білім және заманауи бағдарламалар

Практикалық тәжірибе, ғылыми-зерттеу жұмыстары


Шетелдік тағылымдамалар және кәсіби дамуға барлық мүмкіндік

Ж.А.Ташенев атындағы университет – бұл сіздің білім мен дағдыларыңыздың іргетасы. Біз сізді мансаптық биіктерге жетелейтін жолда қолдауға дайынбыз!

«Экономика және құқық» факультетінің «Экономика және менеджмент», «Халықаралық бизнес және менеджмент» кафедрасының ұжымы

АДАМ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ КӨЛЕҢКЕСІНДЕ ҚАЛМАУЫ КЕРЕК

Бүгінде цифрлық технологияларсыз бірде-бір саланы елестету мүмкін емес. Экономика, білім беру, медицина, ғылым, мәдениет, мемлекеттік басқару жүйесі – барлығы да цифрлық жаңғыру үдерісін бастан өткеріп отыр. Ал, жасанды интеллект деректерді талдап, шешім қабылдауға көмектесетін қуатты құралға айналды. Сондықтан 2026 жылды осы бағыттарға арнау Қазақстанның әлемдік технологиялық кеңістікте өз орнын айқындауға деген ұмтылысын көрсетеді.



Цифрландыру мәдениет пен рухани салада да маңызды рөл атқарады. Музейлер, архивтер мен кітапханалардағы тарихи-мәдени мұраларды цифрлық форматқа көшіру – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі. Бұл бір жағынан ұлттық құндылықтарды сақтауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан оларды көпшілікке кеңінен танытуға жол ашады.

Әрине, цифрландыру мен жасанды интеллектті енгізу белгілі

бір жауапкершілікті де талап етеді. Ақпараттық қауіпсіздік, деректерді қорғау, адам факторын сақтау мәселелері әрдайым назарда болуы тиіс. Технология адамға қызмет етуі керек, ал адам технологияның көлеңкесінде қалмауы қажет. Осы тепе-теңдікті сақтау – мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті деп ойлаймын.

**Рима САБИРОВА,
Нәзір Төрөқұлов атындағы музей-филиалы**

ХАБАРЛАНДЫРУ

Тапсырыс беруші «Султанханов Нурсултан Сейтбекулы» ЖТ «Жанармай бекеті, кемпинг, автотұрақ, дүкен, кафе, көлік жуу және қонақ үй құрылысы, халыққа қызмет көрсету кешені, ЖЗМБ және автокөлік жөндеу орны құрылыстарын салу және құрылыстар мен ғимараттарды салу» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары бірінғай экологиялық порталында (<https://ndbecology.gov.kz>) қолжетімді болады. Барлық ескертулер және ұсыныстар 06.02.2026ж бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Заказчик ФЛ «Султанханов Нурсултан Сейтбекулы» сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту: «Строительство автозаправочных станций, кемпингов, автостоянок, магазинов, кафе, автомоек и гостиниц, объектов бытового обслуживания и авомастерских, а также для строительства сооружений и зданий» Проектная документация доступна на едином экологическом портале (<https://ndbecology.gov.kz>). Все замечания и предложения принимаются с 06.02.2026г в течение 5 рабочих дней. bgm-86@mail.ru тел: 87079476947.

Редакция мекен-жайы: Шымкент қаласы, Ақпан батыр көшесі, 7. E-mail: kyzmet_kz@mail.ru

ӨЗГЕНІ СЫНАҒАНША, ӨЗІНДІ ТҮЗЕТІ

ҚЫЗМЕТ

Меншік иесі:
«Қызмет Газеті» ЖШС

Директор:
Бейсенкүл НАРЫМБЕТОВА

Бас редактор:
Мақпал ҚҰРБАНҚЫЗЫ

Тілші:
Сейдалы ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ
Әлия ӘУЕСБЕКОВА

Тарату бөлімі:
Дина ХАЙТМЕТОВА
+7771 66 88 765,
+7775 650 27 75

Газет 2009 жылдың 29 мамырында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы №10166-Г куәлігі берілген.

Редакция авторлар мақаласына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. «Қызмет» газетінде жарияланған материалдар мен суреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Газетте жарияланған жарнама мәтіні мен сапасына редакция жауап бермейді. Газеттің кейбір материалдары мен суреттері интернет желісінен алынған.

Газет жұма күндері шығады

Газет «M-press» ЖШС Баспа үйінде басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов к-сі, 18-үй

Таралымы 3100 дана. Тапсырыс